

Торғай жұрты көптен күткен «Орталық-Батыс» күре жолының құрылысы басталды. Наурыз айында Президент құрылтай мінберінен Астана мен Ырғызды жалғайтын автокөлік жолын салуды үкіметке тапсырған еді. Жаңа жол алдымен асфальті жоқ жерлерге төселеді.

Айта кетерлігі, жолды бастау үшін Арқалық қаласы мен Торғайда бір мезетте страт берілді.

Тарихи оқиғаның бастау алуына пәрмен беру үшін ҚР Көлік вице-министрі Сатжан Аблалиев пен Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов арнайы келді.

- **Торғайдан Ырғызға қарайтын учаскілер де бұрын жол болмаған учаскілер. Ол жерде де бүгін дәл осы сәтте құрылыс жұмыстары басталып жатыр. Негізгі жоба 889 шақырым. Нормативтерге сәйкес құрылыс уақыты 48 ай**



**өсуіне негіз болады. Қазір де біраз қаражат бөліп жатырмыз. Арқалықтың биылғы бюджеті 32 млрд теңгеге жетіп қалды. Ол 2022 жылмен салыстырсақ, 60%-ке артық,- дейді облыс басшысы.**

Әуелде жобалау жұмыстарының өзі қыркүйекте аяқталуы тиіс еді. Алайда Премьер-Министр осыдан тура бір ай бұрын құрылысты тездетіп маусым айында бастап кетуді тапсырды. Енді 4 жылда жұмыс толық аяқталуы тиіс. Ол үшін бір мезгілде 6 мың адам мен 4 мыңнан астам техника жұмылдырылады. Мердігердің сөзінше жұмыстар жоспарға сай жүрсе екі жылда аяқтауға мүмкіндік бар. Жаңа автомагистраль Астананы Арқалық, Торғай және Ырғыз арқылы Транскаспий халықаралық көлік бағытымен байланыстырады. Нәтижесінде бас қаладан

# Тарихи жолдың құрылысы басталды

**болады. Бірақ бүгінгі күні жол құрылысшылары оны барынша қысқартып, тез уақытта бітіруге міндеттеме алып отыр,- дейді ҚР Көлік вице-министрі Сатжан Аблалиев.**

Жұртшылық асыға күткен күре жолдың құрылысы алдымен Арқалық қаласының шығыс бөлігінен басталды. Осы жерден Егіндікөлге дейін 241

шақырым жерге асфальт төселеді. Ал Торғайдан Ырғызға дейінгі салынатын жолдың ұзындығы 193 шақырымды құрамақ. Қолданыста бар жол Астана-Егіндікөл, Арқалық-Торғай жолы қайта жөнделеді. Жалпы құрылыс 21 учаскіге бөлінген. Әр аумаққа мердігер бекітілді.

**-Арқалықтан Астанаға дейін баратын болсақ, 600 шақырым өтеміз. Жаңа жолмен 374 шақырым ғана болады. Экономика**



батыс облыстарға қатынайтын бағыт - 560 шақырымға қысқарып, 5 сағат ішінде жетуге мүмкіндік бермек. Жаңа бағыт 70 мың тұрғыны бар 13 елді мекенді қамтиды. Өткізу қабілеті тәулігіне 3 мың автокөлікке жетуі тиіс.

**Оразхан ЗЕЙНОЛЛА**  
**Сурет: Аягөз ФАЗЫЛБЕКҚЫЗЫ**